



Қазіргі қазақ тіліндегі мәдени-тарихи жаңа тенденциялар




Мәдени тенденция

Мәдени өрлеу мәселесін шешу мәдениеттің табиғатын түсінуге, оны ұғыну сипатына, мәдениеттің тарихи дамуының бай материалын түсінуге байланысты болады. Мәдениеттануда мәдениеттің аз жетілген түрінен толық жетілген түріне даму бағыты ретінде өрлеу (прогресс) проблемасына екі негізгі тәсіл бар.

❖ **Бірінші тәсіл** оның құндылықтарын байыту, адам өмірінің барлық формаларының дамуы ретінде мәдениеттің даму кезеңдерінің ауысуына сүйенеді. Осы тәсіл шеңберінде мәдениеттің көптеген формалары мен типтері олардың бар айырмашылықтарына қарамастан адамзаттың рухани және материалдық-өндірістік дамуының біртұтас линиясын құрайды және мәдениеттің өрлеуін оның табиғатының біртұтастығы және мәдени алуан түрлердің бірлігі ретінде қарастырады.

❖ **Екінші тәсіл** мәдени өрлеудің болуын біртұтас мәдениеттің үдемелі дамуы ретінде күмән келтіреді, ол оны әр түрлі типтерін жергілікті, автономды, өзінің өмірлік циклі ретіндегі, бір-біріне сай емес мәдени жүйелердің инварианттары ретіндегі түсініктен шығады. Бұл оларды салыстыру мүмкіндігін тарылтады, ол өрлеуді “өз мәдениеті” шеңберінде түсінуді, оның даму циклділігін түсінуді шектейді.

Айдос Абдықалықов **«Қазақ тілін оқытуда ұлттық стандарттардың ролі»**, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті кафедра меңгерушісі
Арай Жүндібаева **«Қазақ тілін тілін оқытуда қолданылатын кейс және технология түрлері»**, Қызылорда облысының Тілдерді оқыту орталығының оқу-әдістемелік бөлім басшысы
Әсел Бақытова **«Мемлекеттік тілді оқытуға арналған әдістемелік құралдар: мазмұн мен сапа»**.



М.С.Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті қазақ және орыс тілдері департаментінің координаторы
Қарлығаш Дүсіпбаева **«Оқылым дағдысын қалыптастырудың креативті жолдары»**, С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректоры
Нұрлыхан Аитова **«Психо-нейролингвистика жетістіктері негізінде тіл үйрету»**



Қазіргі қазақ тіліндегі тенденцияларға байланысты оқылған баяндамалар




Сайттың мақсаты - интернет-ресурстардағы мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейту, сапасын көтеру, сауатты жазылуын заңдарға сүйене отырып талап етуді көздейді.

«Til-audit.kz» сайты

❖ «Til-audit.kz» сайтының жұмысы, тілдің фундаменталды негіздері, тіл дамыту институттарының жұмысын үйлестіру жөніндегі тіл мамандарының пікірі, қазақ тілінің іргетасын сонау балабақшадан бастау үшін шырылдап жүрген тілшінің ісі, қазақтың энциклопедиялық ой-өрісін кеңейту мақсатында жұмыс істейтін «Сұрақ-жауап» сайты.

❖ «Тіл-аудит» сайты да керек кезде ашылды, бірнеше құрылымның атқаратын жұмысын бір өзінің мойнына алып отыр. Азаматтық қоғамның ерекшелігі де сонда, біз қоғамдық бастамалар арқылы жағдайды өзгертудің жолдарын табуға ықпал ете аламыз. Қазақ тіліне қатысты жайттардың шешімін табу – бірінші кезекте ғылымның мәселесі екенін түсінбей, оны шешу қиын.



Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа тенденция – жаңа технология

Қазіргі таңда қазақ тілін дамыту бағыттарының ішінде үш үрдіс қуантады, ол жастардың осы іске белсенді кірісуі, тілді дамыту үшін интернеттің мүмкіндіктерін пайдалану және жаңа технологиялар арқылы бүкіл халықтық сипат алуы. Мұндағы ең бастысы, әлбетте, қателік табу, сынау емес. Сол кемшіліктердің себептерін жою немесе оларды болдырмау тәсілдерін, технологиясын табу маңызды.

Қазіргі 21 ғасырдағы цифрлық заманның басты ерекшелігі – ақпараттың берілуі түрлі смартфондар арқылы технологиялық шешімдерін тапты. Осындай кезде жаңа технологиялар саласындағы қазақ тілінің тағдыры қатты мазалайды және ол тек бізде ғана емес, дамыған елдердің өзінде талқылануда. Жаңа технологияларды орыс немесе ағылшын тілінде, португал тілінде қалай сөйлете аламыз деген ойлар көп айтылады. Техниканың даму қарқыны өте жылдам, қазіргі әлем елдері бойынша бір жылда шығатын ақпараттың көлемі бүкіл адамзаттың осы уақытқа дейін жинаған ақпаратынан анағұрлым көп. Және ол жылда өсе береді, тиісінше тілдер арасындағы бәсекелестік те одан сайын өршіп барады. Бұл трансформация тілдің табиғатына ғана емес, оның қолдану аясына да қатты әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. <https://tilalemi.kz/article/659-.htm>
2. <https://zhalyn.kz/2018/06/14/>
3. <https://daryn.online/article/25>